

Белгілі ғалым, алихантанушы Сұлтанхан Аққұлұлы өз сөзінде – «Әлихан 1906 жылдың шілдесінен желтоқсанына дейін газетті шығарып тұрып, Дала генерал – губернаторының бұйрығымен жабылып, тәркіленген «Иртыш» және «Омичь» газеттері 105 жыл бойына беймәлім болып жатты. Оларды Санкт – Петербурдан, Мәскеуден, Омбыдан 18 жыл іздеп жүріп, 2010 жылы Үркіт (Иркутск) мемлекеттік университетінің ғылыми кітапханасы мен Омбының мемлекеттік тарихи - өлкетану мұражайынан таптым – деп жазады. Ұлттық намыстан жұрдай, жалған интернационалист, жадағай белсенділердің көрсетуімен ол 1926 жылы екі рет тұтқындалып, түрме азабын тартты. Ол Мәскеуге жер аударылады, зор беделінен қорыққан большевиктер өкіметі оны Қазақстанға жолатпады. Онда он жыл үй қамауында отырған Әлиханды 1937 жылы тамызында тұтқындап, бір айдан кейін жалған жаламен Мәскеуде ату жазасына кеседі. 1989 жылы 14 мамырда КСРО Жоғарғы сотының қаулысы бойынша әрекетінде қылмыс құрамы жоқ болғандықтан, ақталды. Ол өзінің ғылыми мұрасымен қазақ ұлтына қызмет етудің, қазақты жүрегімен сүюдің үлгісін көрсетіп кеткен асыл ер [8, Б.142-143]. Ақын М. Дулатов айтып кеткендей, Әлихан Бөкейханов – заманымызға қазақ үшін өмірін, білімін жұмсап, ауыр жазаларға кіріптар болып, жанын қиып жүрген күллі қазақ халқына бірінші дерлік жан басшымыз - деген екен. Әлихан Нұрмұхамедұлы бүгінгі қазақ қоғамына несімен қадірлі? Ол «Қазақ үшін Алаш идеясынан, оның бес ұлы нысанынан артық мүдде болуы тиіс емес. Ол идея бүгін де өзінің мүдделі мақсатын жойған жоқ. Қайта тәуелсіздіктің тамыры тереңге кеткен сайын, алдымызға сұрақ болып шығып отыр», - дейді белгілі алаштанушы ғалым Тұрсын Жұртбай [9.18 б].

Сонымен қорытындылай келгенде, Әлихан Бөкейхановтың саяси - әлеуметтік ойлары сол кезеңдегі қазақ зиялыларының ой – пікірлерімен толығымен үндесіп жатты. XX ғасырдың басындағы қазақ халқының тарихы өзінің әлеуметтік және қоғамдық – саяси қайшылықтарымен ерекшеленеді. Рухани азаттық пен демократиялық – ағартушылық идеяларға толы бұл кезең халқымыздың не бір алып ой иелерін жарыққа шығарған шын мәніндегі қазақ ренесансы дәуірі болды. Ширек ғасыр аралығында ғана дамыған қоғамдық – саяси ой-пікірлердің жоғары тұжырымдары бірғасырлық мерзімге жүк боларлық көкейтесті мәселелерді заман сахнасына көтерді.

Осы күрделі кезеңде қоғамның ізгілікті даму бағытын армандаған зиялы азаматтар - өз халқын жалпы адамзаттық биік рухани қағидаларға баулып, өз елін өркениет биігінен көргісі келген нағыз ұлтжанды қайраткерлеріміз қоғамдық – саяси ой-пікірлердің өкілдері реформациялық, жаңару мен бостандық идеяларының нағыз жаршылары ретінде танылды.

Әлихан Бөкейханов – халқына адал қызмет еткен, оның өркениетті ел қатарына қосылуына, тәуелсіз ел болуына айрықша еңбек сіңірген ұлы тұлға.

Оның айтқан идеяларының әлі күнге дейін өз маңызын жоймағаны ақиқат. Осы Әлихан Бөкейхановтың қалдырған, рухани мұрасын сақтау болашаққа зор міндет деп ойлаймын. Бір сөзбен айтқанда, тарих беттерінде шыңдалып, елеулі орынға ие болғанына көзіміз жетіп отыр. Қазақ зиялыларының жарық жұлдыздай жарқ етіп сөнген, бірақ айрықша мағыналы ғұмырындағы ұстанымдары, отансүйгіштігі бүгінгі азаматтарға, өскелең жас ұрпаққа үлгі етуге әбден лайық деп есептеймін. Олардың елдік мұраттарға адал бай мұрасын танып-білу, қайраткерлік қабілетіндегі ұлттық тамыр іспетті қайнар көзді игеріп, бойға сіңіру бүгінгі тәуелсіздік жастарына өте қажет деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Озғанбай Ө. Ресей Мемлекеттік Думасы және Алаш қайраткерлері. XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының тәуелсіздік контекстіндегі қызметі атты республикалық ғылыми практикалық конференция материалдары. - Ақтау, 2013, Б.31-34.
2. Дулатбеков Н. Алаш ардақтылары: Санкт Петербург іздері. - Алматы: «Таймас», 2013. - Б.39-42.
3. Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет. Монография. - Алматы, 2002. - 59 б.
4. Алаш партиясы және тәуелсіздік. Қозғалыстың тарихи және әлеуметтік талдауы. Электронды тарих порталы. <https://e-history.kz>. 2021. 3 б.
5. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. - Алматы: «Ататек», 1995. - Б.78-83.
6. Дүкенбаева З. Қазақтың шығармашылық интеллигенциясының тарихы (1917– 1941). - Алматы: Ғылым, 2003, Б.67-70.
7. Жұртбай Т. Әлихан Бөкейханов // Аңыз адам. 2016. - Б.18 -21.
8. Бөкейхан Ө. Таңдамалы. 2- кітап. - Алматы, 2003. - Б. 142-143.
9. Жұртбай Т. Әлихан Бөкейханов // Аңыз адам, 2016. - 18 б.

## ТӘУЕЛСІЗДІК БӘРІНЕН ҚЫМБАТ

Сагинаева М.М.

Ғылыми жетекшісі: Алдабаева Г.Т.

Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті

[mereisaginaeva@gmail.com](mailto:mereisaginaeva@gmail.com)

Қарағанды қ.

Тәуелсіз Қазақстан. Жарқын болашағы бар тұғырлы еліміз бұл күнге қалай жетті? Тарих тереңіне бойласақ бұл күннің артында қанша қан мен тер бар? Қазіргі таңдағы деңгейге біз қалай жеттік және мәуелі бәйтерегіміз тамырын терең жаю үшін біз не істей аламыз? Шыны керек ойлансаң ұшы қиыры жоқ өзара байланысқан қисын сауалдар. Алайда зейін қойсаң сан алуан пайымы бар мәселелер.

Қазіргі таңдағы біздің ең үлкен жетістігіміз бұл - Тәуелсіздік. Тәуелсіз мемлекет- тәуелсіз халық, еркін шешімдер, жарқын болашақ. Бұл- ата бабамыз армандаған Қазақстан. Көшпелі күйбен тіршілікте жазын жайлауда, қысын қыстауда өткізген, тағдырдың сан соққысын көріп, ашаршылықты бастан кешкен, отаршылық езгіге ұшырап, зар заманның ақырын көрген, өз арысын халық жауы танып, тілі мен мәдениеті үшін күрескен, азаттықты аңсап жан кешкен ата-бабамыз армандаған Қазақстан. Ал біз осынша қан мен тердің арқасында көк аспан астында, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманда күн кешудеміз. Біздің мақтана сөйлейтің, ел естісе құлақ құрышы қанарлықтай көркем әрі бай тіліміз бар. Шетелдіктер қызығардай сақталған ата салтымыз бен дәстүрлеріміз, қонақжайлық қасиетіміз бен тереңге бойлаған мәдениетіміз, әлемдік деңгейдегі ғалымдар зерттеуге қызығарлықтай тарихымыз, Менделеев кестесіндегі екі жүз он төрт элементтің тоқсан тоғызы бар байтақ даламыз бар. Біз бүгінгі еліміздің деңгейін мақтаныш тұтуымыз қажет.

Әрине, бәрі де бір қарағанда жоғарыда аталғандай кіршіксіз көрінгенімен, тарихқа көз жүгіртсек, тәуелсіздіктің артында қанша қиылған жан, төгілген қан, ерең еңбек жатқанын айтпаққа болмас. Алыстан арбалап, сонау ықылым замандағы Қабанбай, Бөгенбайлардың кескілескен қанжары мен соққыласқан шоқпарынан төгілген қан жайлы бүгінде сөз қозғамасақ та, ең алдымен қазақтың ел болып қалыптасуының іргетасын құйған сол тұлғалар. Алайда қол астымда маған сенген халқымды жау басқыншылығынан құтқарамын деген ниетпен орыс патшалығынан қорған күтіп, сол құрамға кірген Әбілқайырдың шешімі қазақтың басына ауыр күндерді алып келді. Сол оқиғадан соң мың жеті жүз отыз бірінші жылы басталған отарлау, орыстандыру саясатының езгісіне қара халық тәуелсіздіктің тұғырына шыққанша төзіп келді. Осы күннің бастамасы болуға ең алғаш қадам жасап, елім, жерім деп білімі мен күшін, төзімі мен өмірін аямаған ұлы тұлғалар бар. Бұл- Алаш зиялылары.

Алаш. Бар болғаны бес әріп. Дегенмен қазаққа бұйыртқан бағы бес елі. Тарихта алар орыны тым асқақ. Бұл тұлғалардың қазақ үшін қиылған жанының алдында мың тағзым етсек те, қазақтығымызды сақтап қалғандықтары үшін біз мәңгі қарыздармыз. Тарих тереңіне көз жүгіртер болсақ, бұл тұлғалар кімдер, қайдан шықты, мақсаттары не еді, қазаққа нендей мүмкіндіктер сыйлады, өздерің құрбан қылған еңбектері ақталды ма? Алаш қозғалысының және Алаш Орда үкіметінің алғашқы саяси партиясының пайда болуы туған халқының болашақ дамуының тағдырлы мәселелерін шешуге қабілетті қазақ саяси элитасының өсіп келе жатқан азаматтық жетілуі мен жоғары әлеуетін айғақтады. Алаш қайраткерлері мен қазақ басқарушы элитасының, ғылыми және шығармашылық зиялы қауымның өкілдері қазақ мемлекеттілігінің негізін қалады. Бүгін біз, өзіміз білмей, 1920 жылдардың басында шекаралары шамамен Алаш Орда қатысушыларымен белгіленген мемлекетте тұрамыз. Алаш көшбасшылары Орта Азияны ұлттық-аумақтық межелеу және қазақ жерлерін біріктіру процесіне белсенді қатысты. XX ғасырдың басында қазақ халқының ұлт-азаттық күресі барысында пайда болған "Алаш" қозғалысы дәуірлік құбылыс болып табылады. Оның қызметі, идеялары мен бағдарламалары ұлттық мемлекеттіліктің қалыптасуының іргелі негізін қалады. Оның басты мақсаты Тәуелсіз Қазақ мемлекетін құру болды. Бірінші дүниежүзілік соғыс және 1917 жылы Ресейде болған Ақпан және Қазан төңкерістері Қазақ ұлттық зиялыларының байырғы халықтың құқықтарын қорғау жөніндегі қызметін жандандырды. Партия жетекшілері А. Байтұрсынов, А. Бөкейханов және М. Дулатов болды. Көшбасшылар өз халқының мүдделерін жанқиярлықпен қорғады, олардың өмір сүру және тәуелсіз саяси даму құқықтарын алға тартты. Алаш партиясының қайраткерлері мен қазақ басқарушы элитасының, ғылыми және шығармашылық зиялы қауымның өкілдері қазақ мемлекеттілігінің негізін қалады. Сол қилы заманның қазақ зиялылары өз дәуірінің дүниетанымын қалыптастырған жоғары серпінді және жанқиярлық адамдар болды. Олар біздің замандастарымыз үшін адамгершіліктің, жанқиярлықтың, ұлттық және азаматтық борышқа адалдықтың шын мәнінде сөзсіз үлгісі болып табылады. Көптеген жылдар бойы бұл тақырыпқа қара мөр басылды, осы уақытқа дейін барлық құжаттар жария етілмеді, қатысушылардың барлық есімдері аталмады. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ғана халық XX ғасырдың барлық оқиғаларын, оның ішінде "Алаш" қозғалысымен байланысты оқиғаларды біртіндеп жадында қайта жандандырды. Тұңғыш Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің "Тарих ағымында" атты кітабында: "Біз Қазақстанның бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күрескен адамдарды құрметтеп, бағалауымыз керек. "Алаш" қозғалысына қатысушылар Патшаны құлату қазақ халқына көптен күткен бостандық әкеледі деп шын жүректен сенді. Бірақ бұл болған жоқ. Адамдар идея үшін қайтыс болды, бірақ олар біздің бойымызда тәуелсіздікке деген ұмтылысты оятты. Оның табысының бақыты біздің ұрпаққа түсті... "Алаштың" жазасы - өзіміздің тарихи-мәдени бірлігімізді сақтау. "Алаштың" жазасы-келісімді сақтау және нығайту...». [1,35 б]

Қарқынды ғылыми ізденістердің нәтижесінде Алаш қозғалысының қазақ халқының ұлт-азаттық күресі тарихындағы рөлі мен орнын объективті айқындауға және Алаш Орда үкіметінің қызметін бағалаудағы тарихи әділдікті қалпына келтіруге мүмкіндік туды. Ал қазақстандықтар әлі де "Алаш" тарихын ғылыми тұрғыдан түсінуі керек. Алаш қайраткерлері халықтың ұлттық санасын мемлекеттік деңгейге көтерді. Алаш партиясы сол кездегі қоғамның проблемаларын шешу үшін шаралар кешенің әзірлеген қазақтардың алғашқы саяси ұйымы

болды. Алашордалықтардың негізгі идеясы халықтың бірлігі болды және бұл ұран бүгінгі күнге дейін өзекті. Сол кездегі төтенше жағдайларда алашордашылар ерекше икемділік танытты, сонымен бірге олар принципті саясаткерлер болды. Алаш қозғалысының негізгі мақсаттары мемлекеттік өзін-өзі басқару жүйесін құру, халықтың ұлттық өзін-өзі анықтау құқығын қорғау, озық әлемдік тәжірибені пайдалана отырып, қазақ қоғамын жаңғырту болды. Мәдениет пен ұлттық бірегейлікті сақтау, өмірдің барлық салаларында тұрақты даму, технологиялық жетілдіру - "Алаш" қозғалысын жасаушылар мен оның ізбасарларының жұмысындағы басты бағыттар болды. 1917 жылы 21 қарашада "Қазақ" газетінде "Алаш" партиясы бағдарламасының жобасы жарияланды.[2, 58 б] Ол он тармақтан тұрды: мемлекеттік құрылым, жергілікті бостандық, негізгі құқық, дін, билік және сот, халықты қорғау, салықтар, жұмыс мәселесі, ғылым мен ағартушылықты дамыту, жер мәселесі. "Алаш" партиясының мақсаты қазақтардың ұлттық мемлекетін қайта құру, президенттік институтты енгізу болды. Партия жерді қазақтардың меншігі деп тану туралы және ана тілінде оқытатын мектептер мен университеттер ашу туралы заңдар қабылдауды талап етті, шаруаларды қазақ өлкесіне көшіру процесін шектеуді, кедейлерге бостандық пен теңдік құқықтарын беруді жақтады. Мұндай бағдарлама "Алаш" партиясының үлкен танымалдылығын қамтамасыз етті. Партияның бірінші және екінші съездері тарихи рөл атқарды. Оларға егжей-тегжейлі тоқталу керек. Бірінші Бүкілқазақ съезі Орынборда 1917 жылы 21-26 шілде аралығында өтті. Содан кейін "Алаш" партиясының ұйымы жарияланды. Съезге қатысушылар өте жемісті жұмыс жасады. 14 мәселе бойынша шешімдер қабылданды, атап айтқанда, Ресей мемлекеттік құрылымының нысаны (Парламенттік Федеративтік Республика), Қазақ облыстарының Республикасы, жерге орналастыру, дінге көзқарас, қазақ әйелінің жағдайы туралы мәселе, Құрылтай жиналысына сайлауды дайындау.[3, 75 б] "Алаш" партиясы бағдарламасының жобасы әзірленді. Ол Ресейдің Құрылтай жиналысына сайлау алдында жарыққа шықты. Бірінші кезектегі міндеттер ретінде құжат жалпыға бірдей сайлау құқығын, пропорционалды ұлттық өкілдікті, демократиялық Ресей Федеративтік Республикасын Президентпен және заң шығарушы Думамен, Ресейдің құрамына кіретін республикалардың теңдігін, демократиялық бостандықтарды, шіркеудің мемлекеттен бөлінуін, тілдердің теңдігін қойды. 1917 жылы қарашада Ресейдің Құрылтай жиналысына сайлауда "Алаш" партиясы көпшілік дауыс пен 43 депутаттық мандатқа ие болды. Ұйымдастырушылық жағынан ол өзін рәсімдеуге үлгермеді. Сайлауда алған дауыстар саны бойынша (262 404 дауыс) "Алаш" партиясы Октябрь социалистік революциясы қарсаңында әрекет еткен Ресейдің елу партиясы арасында сегізінші орынды иеленді. Екінші Конгресс большевиктер билікке келгеннен кейін өтті. Ол 1917 жылы желтоқсанда шақырылды. [4,45 б] Қазақ зиялыларының өкілдері болды, олар оқиғалардың осындай қарқынды дамуына – автономия жариялауға қарсы болды. Олар уақыт әлі келген жоқ деді. Соған қарамастан, съезде Алаш автономиясы жарияланып, Уақытша халық кеңесі құрылды. Оған "Алаш-Орда" атауы берілді. Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының Алаш автономиясының конституциясын кейіннен бекітуі қарастырылды. "Алаш" партиясының жетекшілері Ресей демократиялық мемлекетінің құрамындағы автономияны көріп, сепаратизмге ұмтылмағанын атап өтті. [5, 84 б]

Алаш зиялыларына ерекше зейін қойып атап өтерліктері жетерлік. Олардың әрқайсысы жеке тұлға, патриот еді. Олар өздерін толығымен халыққа қызмет етуге арнады. Әлихан Бөкейханұлы - көрнекті қоғамдық-саяси қайраткер, ғалым-экономист, публицист. Ол Петроградта жоғары білім алды, сол кездегі ең беделді Орман институтын бітірді. Ресей Мемлекеттік думасының депутаты болып сайланды. Ол ұлт-азаттық қозғалысының теоретигі және көшбасшысы, Алаштың алғашқы қазақ саяси партиясының ұйымдастырушысы және Алашорда үкіметінің төрағасы болып саналады. Ахмет Байтұрсынұлы - қазақ ақыны, публицист, әдебиеттанушы, аудармашы, түркітанушы, қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, лингвист және қоғам қайраткері, Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің негізін қалаушылардың бірі. Қазақ халқының өз тарихындағы рухани жаңғыруы оның есімімен байланысты. Міржақып Дулатұлы - ақын, публицист, аудармашы, қоғам қайраткері, педагог. Алашорда үкіметінің мүшесі. Ол әдеби тілдің тамаша білгірі болды, Қазақ журналистикасы үшін кадрлардың қалыптасуына ықпал етті. Ол халықтың саяси санасын оятып, оған жалпыадамзаттық құндылықтармен таныстыру қажеттілігін тудырған қазақ зиялылары қайраткерлерінің плеиадасына жататын. "Алаш" қозғалысының басқа да көшбасшылары болды - олардың барлығы сол дәуірдің алдыңғы қатарлы адамдары. "Алаш-Орда" процесі бойынша 80-нен астам адам сотталды. Бірінші топ 1928 жылдың күзінде және қысының басында қамауға алынды. Бұл аралықта Мыржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов, "Алаш-Орданың" басқа да көрнекті қайраткерлері қамауға алынды. Олар 1930 жылы сәуірде сотталды. Басында олардың кейбіреулері, соның ішінде Байтұрсынов пен Дулатов өлім жазасына кесілді. Бірақ содан кейін апелляциялық шағым бойынша өлім жазасын 10 жылға бас бостандығынан айыруға алмастырды. Бірақ бәрібір 1937 жылы жаппай террор кезінде алашордалықтардың басым бөлігі ату жазасына кесіліп, жан құшты. Олар 1988 жылы 4 қарашада ақталды. [6, 90 б]

Жастар тәуелсіздіктің бастауында тұрғандардың есімдерін білуі керек. Бұл біздің өскелең ұрпақтың патриоттық және азаматтық тәрбиесі үшін қажет. Алаш ұлт-азаттық қозғалысының қайраткерлерінің өз халқына жанқиярлық адалдығынан артық өз еліне қызмет етудің жақсы мысалы жоқ. "Алаш" партиясының мүшелері бүгінгі таңда бізге ең қажет мәңгілік құндылықтарға: Отанға және өз халқына деген сүйіспеншілікке, жанқиярлыққа, адалдық пен ар-намысқа, еңбек пен білімге құрметке, парызға адалдыққа бағышталды. Біз Қазақстанның бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күрескен адамдарды құрметтеуге және бағалауға, халыққа қызмет етуге, елімізге пайда әкелуге тиіспіз. Нұрсұлтан Назарбаевтың "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" мақаласында ұлттық бірегейлікті сақтау басымдыққа ие. Егеменді даму жылдарында мәдени мұраны

зерделеудің тұтас жүйесін құру, ұлттық тарих үшін ерекше маңызы бар тарихи-мәдени, жазбаша, сәулет ескерткіштерін қайта құру бойынша "Мәдени мұра", "Халық тарихына толқын" мемлекеттік бағдарламаларына бастамашылық жасалды. Мұндай бастамалардың маңыздылығы өз тарихи дәстүрлеріне, ұлттық бірегейліктің өзегі ретінде ұлттық сана-сезімге, ХХІ ғасырдағы Қазақстанның дүниетанымдық моделін құру мүмкіндігіне негізделген. Ұлттық сананы жаңғырту халық тарихына, оның мәдениеті мен ана тіліне деген қызығушылықтың артуына ықпал етеді. Бұл бәрімізге, келер ұрпаққа өте қажет.

Әрбір қазақстандық үшін Алаш қозғалысының пайда болуы Қазақстан ұлтының өзін бірегей және қайталанбас идеясымен сәйкестендірудің тарихи кезеңі болып табылады. Осы ерекше батыл және талантты адамдардың батырлығы мен жанқиярлығының арқасында біз еліміздің - Тәуелсіз Қазақстанның қазіргі заманғы тарихының есебін жүргізе алатынымыз сөзсіз. "Алаш" партиясы ХХ ғасыр тарихында ғана емес, жалпы қазақ тарихында өте үлкен және өзгермейтін рөл атқарды. Алаштықтар бүгінгі таңда бізге ең қажет: Отанға және өз халқына деген сүйіспеншілік, жанқиярлық, адалдық, абырой және қанның соңғы тамшысына дейін халыққа қызмет ету сынды мәңгілік құндылықтарға адал болды. Айтса айтқандай, қазіргі Тәуелсіз Қазақстанды қайта жаңғырту барысында біз Алаш зиялыларының еңбектерін қажетсіздік және керегімізге жаратып та жатырмыз. Ұлтымыздың рухани-мәдени және саяси тарихында Алаш зиялыларының орны ерекше. Оны ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында ерекше атап өтті: «Біз кезінде елге қызмет етудің озық үлгісін көрсеткен Алаш қайраткерлерінен тағылым аламыз. Олар өткен ғасырдың басында Тәуелсіздік идеяларын халық арасында дәріптеуге зор еңбек сіңіріп, азаттық жолында құрбан болды... Олардай біртуар тұлғаларды еске алып, олардың мұраларын жастарымызға және бүкіл әлемге паш етуіміз керек». [6, 11 б] Ендеше, біздің ойымызша, Алаш арыстарының асыл мұраларын игеру, өміршен идеяларын жас ұрпаққа жеткізу жалғаса беруге тиіс. Жоғарыда аталған осынша еңбектің арқасында біз Тәуелсіз Қазақстанға жеттік.

Қазіргі Қазақстан- тәуелсіз, егемен, демократиялық экономикасы тұрақты және жарқын болашағы бар елеулі мемлекет. Бүгін Қазақстан өзі туралы, өз мақсаттары туралы әлемге батыл мәлімдей алады. Қазақстан дамыған технологиялармен қамтылған, байтақ даласының байлығын шектеусіз пайдасына асыра алатын, жоғары классификациялы зауыттары мен фабрикалары бар, сапалы білім беретін оқу орындары мен еш қиындықсыз халыққа қызмет көрсететін мекемелері бар, жоғары сатыдағы медицинаға ие, тұрақты экономикасы мен сенімді жинақ қоры бар, сыбайлас жемқорлық, зорлық-зомбылық әлдеқайда аз, ата заның бұзудан алшақ, елінің жарқын болашағы үшін қызмет ететін азаматтары бар мелекет. Қазақстанның азаматтары тілі мен ділің, мәдениеті мен салтың, ата-бабасынан қалған аманатқа қиянат жасамас, елі мен жерінің көркейіп дамуы үшін жол ашар, оқыған, дамыған тұлғалар. Қазақстан- бұл мәуелі бәйтерек. Ал біз сол мәуелі бәйтеректің тереңге бойлар тамырлары, жоғары ұмтылар бұтақтары, жайқалып өсер жапырақтарымыз. Әр азаматтың елі үшін ерең еңбегі осы бәйтерекке құйылған тынайтқыш ретінде әсер етеді. Алаш арманы- Тәуелсіз Қазақстан! Тәуелсіз Қазақстан- Тәуелсіз болашақ!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Алашорда: энциклопедия / құраст. Ф. Әнес, С. Смағұлова. - Алматы: Арыс, 2009.
2. "Алаш" қозғалысы: тарих және қазіргі заман: библиографиялық көрсеткіш / ҚРҰ кітапханасы., құраст. М. Әбілова, А. Нурсейтова.- Алматы, 2005.
3. Алаш қозғалысы: құжаттар мен материалдар жинағы (сәуір 1920-1928 жж.). 3-том, 1-кітап / [құраст.: Е. М. Грибанова, А. Е. Жүсіпова, А. С. Зұлқашева және т. б.].- Алматы: Ел-шежіре, 2007.
4. Алаш партиясы Уикипедия.
5. Нұрсұлтан Әбішұлы «Тарих ағымында» кітабы.
6. Қасым-Жомарт Кемелұлы «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласы.

## ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ҰМТЫЛУ

Баймағұлова. А

Ғылыми жетекшісі: г.ғ.м., аға оқытушы Алдабаева Г.Т.

Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті

Қарағанды қ.

**Аннотация:** Бұл тақырып Қазақстан тарихының маңызды кезеңдерін, атап айтқанда Алаш қозғалысы мен қазіргі тәуелсіз Қазақстан арасындағы сабақтастықты зерттейді. Алаш идеясы ХХ ғасырдың басында қазақ халқының ұлттық санасының оянуы мен тәуелсіздікке ұмтылысын бейнелейді. Алаш қайраткерлері ұлттық мемлекеттілікті құру, қазақ халқының мәдениеті мен білімін дамыту, әлеуметтік және экономикалық реформалар жүргізу идеясын насихаттады.

Кеңес өкіметі кезеңінде Алаш қозғалысы басылып, оның өкілдері қуғынға ұшырағанымен, олардың идеялары қазақ халқының тарихи жадында сақталып, тәуелсіздік жылдарында қайта жаңғырды. Тәуелсіз Қазақстанда Алаш идеялары ұлттық бірегейлікті, егемендікті және халықтың әл-ауқатын жақсартуды көздейтін